

Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

**«Мемлекеттік жастар саясатының
жағдайы: қажеттіліктер мен
әлеуметтік тәжірибелер»**

**Әлеуметтік зерттеу нәтижелері
бойынша аналитикалық есеп**

Астана, 2018

Мемлекеттік жастар саясатының жағдайы: қажеттіліктер мен әлеуметтік тәжірибелер / Аюпова Р.Р., Кәрімова Ж.К., Қалдыбаева О.В., Алинова З.Т. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 101 б.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2018

МАЗМҰНЫ

1 бөлім. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы	5
1.1 Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі	5
1.1.1 Түйткілді жағдай сипаттамасы.....	5
1.1.2 Зерттеу мақсаты және міндеттері.....	6
1.1.3 Зерттеу нысаны және пәні	7
1.1.4 Негізгі ұғымдарды талдап түсіндіру.....	7
1.1.5 Зерттеу болжамы.....	8
1.2 Бағдарламаның әдістемелік бөлімі	8
1.2.1 Іріктеу көлемін анықтау.....	8
1.2.2 Алғашқы әлеуметтік ақпаратты жинау әдісі.....	10
1.2.3 Инструментарий құрылымы.....	11
1.2.4 Ақпаратты өңдеу әдістемесі	11
1.2.5 Ақпаратты талдау әдісі.....	12
2 бөлім. Жастардың әлеуметтік ахуалы	13
2.1 Қазіргі жастардың көңіл-күйі және өмірге қанағаттануы	13
2.2 Өмірлік жағдайдың өзгеруі: жастардың бағдарлары	20
2.3 Жастардың құндылық көзқарастары және бағдарлары.....	23
Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	26
3 бөлім. Жастардың өзекті мәселелері	28
3.1 Қазіргі қазақстандық жастардың негізгі мәселелері.....	28
3.2 Жастардың әлеуметтік белсенділігі.....	30
Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	36
4 бөлім. Мемлекеттік жастар саясатын бағалау	38
4.1 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттан хабардарлық.....	38
4.2 Жастармен жұмыс бойынша ұйымдар мен жастар ұйымдары туралы ақпараттан хабардарлық.....	41
4.3 Мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану.....	43
Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	46
5 бөлім. Жастардың қоныс аударуға ниеттілігі	48
Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	51
6 бөлім. Жас отбасы	52
6.1 «Жас отбасы» ұғымы және отбасының рөлі.....	52
6.2 Жастар арасындағы ажырасу.....	56
6.3 Жас отбасылар мәселелері.....	57

Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	59
7 бөлім. Жастар кәсіпкерлігін дамыту	60
7.1 Жастардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуға дайындығы	60
7.2 Жас кәсіпкерлерді қолдау	63
7.3 Шығармашыл жастарды дамыту	66
Тарау бойынша қорытынды және нұсқаулар.....	67
Қорытынды.....	69
Қосымшалар	70

1 бөлім. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы

1.1 Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі

1.1.1 Түйткілді жағдай сипаттамасы

Жастардың әлеуметтік қатынастардағы, материалдық және рухани игіліктерді өндірудегі атқаратын рөлі зор. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдағы жастардың орны және олардың әлеуметтік ортаны дамытуға қатысу дәрежесі мемлекетке, сонымен қатар жастардың белсенді өмірлік ұстанымдарына тәуелді болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің соңғы деректеріне сәйкес (2017 жылғы «Қазақстан жастары» статистикалық жинағы), қазақстандық жастар – 14-29 жас аралығындағы 3 994 393 жас адам – мемлекет халқының 22,3 % құрайды.

Елімізде мемлекет пен жастар арасындағы қатынас саласын «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң реттейді. Мұнда жастарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты, міндеттері, бағыттары, сонымен қатар, механизмдері, жастардың әлеуметтік және саяси құқықтары анықталған. Бұдан басқа, мемлекетте Үкіметтің 2013 жылғы 27 ақпанындағы № 191 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы «Қазақстан 2020: болашаққа жол» жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда маңызды рөлді оның институционалдық негізі – мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша уәкілетті орган (Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі), аймақтардағы жастар саясаты мәселелері басқармалары, орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультациялық-кеңесші органдары (Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жастар саясаты кеңесі, республикалық деңгейдегі жастар ұйымдарын дамыту бойынша үйлестіру кеңесі және барлық деңгейлердегі әкімшіліктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер), халықаралық консультациялық-кеңесші органдары (Шанхай ынтымақтастық ұйымының Жастар кеңесі, Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше-мемлекеттердің жастар істері жөніндегі кеңестері т.б.), халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес жастар ұйымдары, жастар ресурстық орталықтары, жастардың өзін-өзі басқару органдары атқарады.

Жастар ұйымдарының саны артып келеді, жастар арасындағы біртұтастық және азаматтық белсенділік те жоғарылап отыр. «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл Ел» жастар еңбек

отрядтары, Қазақстан Жастары конгресі, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы, «Жарасым» РЖҰ, «Жаңғыру жолы» ҚХА республикалық жастар қозғалысы секілді ұйымдардың белсенділігі мен өнімді қызметін ерекше атап өту керек.

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев ел жастары туралы жиі сөз қозғап, Қазақстанның болашағы үшін жастардың атқаратын рөлін ерекше атап, қазақстандық жастардың жауапкершілігі мен азаматтық позициясын тәрбиелеудің маңыздылығын баса айтады. Өз кезегінде, мемлекет жастардың сәтті әлеуметтенуіне, олардың шығармашылық және кәсіби әлеуетін жүзеге асыруға, жастардың әл-ауқат деңгейін арттыруға және т.б. жағдай жасауға тырысады.

Жастарды әлеуметтік-экономикалық үдерістерге тиімді кіріктіру үшін жастар саясаты мәселелерін әрі қарай кешенді зерттеп, жастар саясатының жүзеге асырылуын мониторингілеу және жастармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін жүйелі негізде арттыру қажет.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз ету міндеті оның жағдайын жастар көзқарасы тұрғысынан мониторингілеуді талап етеді. Жастардың жүзеге асырылып отырған жастар саясатына қатысты бағасын анықтау оны жүзеге асыру механизмдерін үйлестіруге, қабылданатын басқарушылық шешімдердің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.1.2 Зерттеу мақсаты және міндеттері

Зерттеу мақсаты мемлекеттік жастар саясатының жағдайын талдау, оның даму перспективасын анықтау, сонымен қатар, жастардың әлеуметтік ахуалын зерттеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеу міндеттері анықталған:

- Қазақстан аймақтарындағы жастардың әлеуметтік ахуалын зерттеу;
- жастардың құндылық көзқарастары мен бағдарларын анықтау;
- жастардың қоныс аударуға ниеттілігін зерттеу;
- жастардың өзекті әлеуметтік мәселелерін зерттеу;
- жастардың қажеттіліктері мен мүдделерін анықтау;
- жастардың азаматтық белсенділіктің әр алуан формаларына, әлеуметтік тәжірибеге қатынасын зерттеу;
- жастардың жүзеге асырылып отырған мемлекеттік жастар саясатына қатынасын анықтау, оның тиімділігі мен даму перспективаларымен қанағаттану деңгейін бағалау;
- мемлекеттік жастар саясатының негізгі міндеттері мен даму перспективасын анықтау;
- жастар кәсіпкерлігінің даму деңгейін бағалау;

- жастардың жастар кәсіпкерлігін қолдау шаралары мен бағдарламалары туралы ақпараттан хабардарлығын бағалау;
- мүдделі органдар мен ұйымдар үшін мемлекеттік жастар саясатын әрі қарай жетілдіру бойынша нұсқаулар әзірлеу.

1.1.3 Зерттеу нысаны және пәні

Зерттеу нысаны – жастардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру барысы мен оның даму перспективасы туралы пікірі. Жастар – бұл Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы тиісті әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларға сәйкес таңдалған халқы.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың тиімділігі және оның қазақстандық жастардың дамуына ықпалы.

1.1.4 Негізгі ұғымдарды талдап түсіндіру

Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан бастап жиырма тоғыз жас аралығындағы азаматтары. Жастар – бұл қоғамдағы өзінің дәрежесімен: балалықтан және жасөспірім шақтан әлеуметтік жауапкершілікке ауысуымен және жас шеңберімен ерекшеленетін айрықша әлеуметтік топ. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам жеңілдіктер беретін, дамуына жағдай жасайтын, алайда қоғам өмірінің белгілі бір салаларына белсене қатысуына шектеу қоятын әлеуметтік топ ретінде түсінеді.

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі. Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен жастар қатынасы саласын реттейтін негізгі нормативті құқықтық құжат 2015 жылдың 9 ақпанындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң болып табылады. Мұнда оның мақсаты, міндеттері, бағыттары, сонымен қатар, жастарды мемлекеттік қолдау механизмдері, жастардың әлеуметтік және саяси құқықтары анықталған.

Әлеуметтік қажеттілік – әлеуметтік субъектінің тіршілік әрекетінің қандай да бір жеткіліксіздігі жағдайында қызметтің бастапқы қозғаушы күші, оның қандай да бір қажеттілігін білдіру формасы.

Әлеуметтік ахуал – бұл әлеуметтік топ өкілдерінің өзінің қоғамдағы орнын, әлеуметтік-экономикалық және рухани қажеттіліктері мен мүдделерінің қанағаттануын бағалауының эмоциялық аспектісі. Әлеуметтік ахуалдан топтағы қоғамдық көңіл күйдің жалпы қалпы (экономикалық, саяси, идеологиялық, ұлттық көзқарас және пайымдау

т.б.) байқалады. Әлеуметтік ахуал әлеуметтік салыстыру, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік мүмкіндіктері мен сыйақыларын салыстыру, мүдделерін басқа адамдардың теңдес мүмкіндіктері (шарттары) арқылы қанағаттандыру мүмкіндігін қарастыру үдерісінде қалыптасады.

Әлеуметтік тәжірибе жастар үшін жастардың мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған амалдар мен әдеттегі әрекет тәсілдерінің жиынтығы түрінде болады, олар қоғамда қабылданған күнделікті тіршіліктегі шешімдерге, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікке және әлеуметтік ортасына демократиялық әдіспен ықпал ету құқығына негізделеді.

Құндылық бағдарлар – адам санасындағы құндылықтар көрінісі, олар жалпы дүниетанымдық бағдар және маңызды өмірлік мақсаттары ретінде қабылданады.

Жастардың қоныс аудару ниеті. Халықтың көші-қон феномені күрделі және көп қырлы болып табылады. «Көші-қон» терминін талдап түсіндіргенде, ең алдымен оның теориялық және практикалық алғышарттарын, олардың әлеуметтік, саяси, экономикалық үдерістерге ықпалын және қоғам өміріндегі құбылыстарға әсерін негіздейді. Ғылыми әдебиеттерде көші-қон ретінде халықтың аумақтық қоныс аударуының тұрақты тұрғылықты орнын (елді мекенін) өзгертумен байланысты күрделі әлеуметтік-демографиялық үдерісін түсінеді, ол экономикалық құрылымның өзгеруімен және өндірістік күштердің орын ауыстыруымен, халықтың әлеуметтік және еңбек мобильділігінің артуымен байланысты болады.

1.1.5 Зерттеу болжамы

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жаңа деңгейге ауысып отыр. Жастар арасында жастар саясатын жүзеге асыру шеңберінде жүргізілетін жұмыстар туралы ақпараттан хабардарлық артып және аталған саясаттың тиімділігін бағалау артып отыр.

Қазақстанның жастары белсенді өмірлік ұстанымын және оптимизмін байқатып келеді. Жас адамдардың осындай белсенділігін үйлестіріп, жастардың энергиясын конструктивті арнаға бағыттау қажет.

Мемлекеттік жастар саясатының шеңберінде жүзеге асырылатын жұмыстарды ақпараттық қолдау қажет, себебі жастар бағдарламалар мен жобаларға қатысуға дайын болады, дегенмен, олардың бар екендігі туралы білмейді немесе қатысу тәсілдері туралы мәліметі аз болады.

1.2 Бағдарламаның әдістемелік бөлімі

1.2.1 Іріктеу көлемін анықтау

Іріктемелі жиынтық көлемі 2 000 респондентті құрап отыр. Әлеуметтік зерттеуді жүргізу аумағы Қазақстанның барлық аймақтарын – республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталықтарын және ауылды елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратификациялық көп сатылы іріктеу қолданылған. Бастапқыда облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар халқының санынан 17 аймақ бойынша іріктеу көлемі анықталған. Одан әрі қарай әрбір облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемдері есептелген.

1 кесте. Жоба бойынша іріктеу жиынтығы, адам

	Жалпы халық			Қала халқы			Ауыл халқы		
	Жалпы	Ер адамдар	Әйел адамдар	Жалпы	Ер адамдар	Әйел адамдар	Жалпы	Ер адамдар	Әйел адамдар
Қазақстан Республикасы	2000	1013	987	1131	553	578	869	446	423
Ақмола облысы	76	40	36	34	17	17	42	23	19
Ақтөбе облысы	98	61	37	61	31	30	37	19	18
Алматы облысы	209	109	100	45	22	23	164	86	78
Атырау облысы	69	36	33	31	15	16	38	20	18
Батыс Қазақстан облысы	70	36	34	35	18	17	35	18	17
Жамбыл облысы	123	63	60	47	25	22	76	38	38
Қарағанды облысы	144	74	70	113	55	58	31	16	15
Қостанай облысы	91	46	45	47	23	24	44	24	20
Қызылорда облысы	91	47	44	38	19	19	53	27	26
Маңғыстау облысы	75	38	37	28	14	14	47	24	23
Павлодар облысы	74	38	36	51	25	26	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	53	28	25	24	10	14	29	15	14
Шығыс Қазақстан облысы	136	70	66	85	42	43	51	27	24
Түркістан облысы	242	127	115	42	20	22	200	107	93
Шымкент қ.	114	56	58	114	56	58	-	-	-
Астана қ.	116	56	61	116	53	63	-	-	-
Алматы қ.	218	101	117	218	103	115	-	-	-

* Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2018 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Аталған зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүзеге асырылған: іріктеудің ықтималдық дизайны қолданылған. Ықтималдық дизайны әрбір адамның (14-29 жас аралығында) талдауға алыну ықтималдығына тең болатындай етіп жасалған. Стратификациялық көп сатылы іріктеу пайдаланылған. Негізгі страттары келесілер болған:

1 саты. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және республикалық маңызы бар қалалардың 14-29 жастағы халық санына байланысты іріктеу көлемі Астана, Алматы, Шымкент қалалары және 14 облыс орталығы бойынша анықталған.

2 саты. Қала-ауыл ұстанымы бойынша іріктеу – әр облыста қалада және ауылда іріктеу көлемі анықталған.

3 саты. Бастапқы нүктесін іріктеу – әрбір елді мекен шегінде кездейсоқ түрде маршруттың бастапқы нүктелері мен респонденттер саны анықталған.

4 саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүкте маршруты бойынша «сол қол» ережесіне сәйкес үй шаруашылықтары анықталған.

5 саты. Респонденттерді квоталарға сәйкес іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгісі – жасы және жынысы – бойынша таңдалған, жас-жыныс квотасы бойынша респонденттердің жасы 14-тен төмен және 29-дан жоғары болмауы керек, сонымен қатар, жынысы бойынша репрезентативті сипатта болуы керек (сауалнамаға қатысатын ер адамдар және әйел адамдар саны ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректеріне сәйкес әр облыс және қала мен ауыл бойынша).

Іріктеу репрезентативті болып табылады, яғни белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі жиынтықтағы пропорцияларға жуықтайды (2018 жылдың басындағы ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректеріне сәйкес). Бұл жағдайда іріктеудің орташа сипаттамаларының ауытқуы жалпы жиынтық бойынша $\pm 3,5\%$ аспайды.

1.2.2 Алғашқы әлеуметтік ақпаратты жинау әдісі

Ақпаратты жинақтау әдісі 14-29 жас аралығындағы жастардан «face-to-face» жаппай сауалнама алу болып табылады. Аталған әдіс Қазақстандағы жастар арасындағы жағдай туралы дұрыс ақпарат алуға және жас қазақстандықтардың әлеуметтік тәжірибесі мен негізгі қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жаппай сауалнама шеңберінде ақпаратты жинау респонденттердің тұрғылықты орны бойынша (пәтердегі сауалнама), сирек оқу/жұмыс/жұмыспен қамту орталығы бойынша (жедел іздестіру және

мақсатты топқа қол жеткізу үшін) жүзеге асырылады. Таңдалған әдіс ағымдағы зерттеу мақсатына және міндеттеріне сәйкес келеді.

1.2.3 Инструментарий құрылымы

Деректерді жинау әдістемесі – логикалық құрылымдық сауалнама – әлеуметтанулық зерттеу сауалнамасы – бастапқы ақпаратты жинау құралы, белгілі бір ережелерге сәйкес тұжырымдалған және байланысқан мәселелер жиынтығы бар қайталанатын құжат. Әлеуметтік сауалнаманың қасиеттері мен сапасы, оның ауқымы, құрылымы, сұрақтардың ерекшелігі тығыз байланысты және осы құрал қолданылатын сауалнама түріне (бұқаралық), сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Әлеуметтік сауалнама құрылымы үш блоктан тұрады: 1) анықтаманы қамтитын кіріспе, зерттеу туралы респонденттің ақпараты және т.б.; 2) зерттелетін мәселе бойынша сұрақтар жиынтығынан тұратын негізгі бөлім. Бұл блокта зерттелетін мәселенің түрлі аспектілеріне немесе нақты тақырыптарға арналған бірнеше бөлімше болуы мүмкін; 3) респонденттің жынысы, жасы, білім деңгейі, кірісі және т.б. сияқты сипаттамалары туралы сұрақтар жиынтығы бар әлеуметтік-демографиялық блок.

Сауалнама сапасын бағалау үшін сынама зерттеу жүргізілді және оның барысында сауалнама мазмұны тексеріліп, сұрақтар мен жауап нұсқаларының реттілігі т.б. анықталды. Сынама сауалнама микро іріктеме негізінде (10 адамға дейін) респонденттердің жауаптары, сұрақтардың мазмұны, олардың ұғыну және қабылдаудағы реакциясы, сондай-ақ зерттеуге жұмсалған уақытты тіркеу арқылы өткізілді. Осының бәрі құралдың кемшіліктерін анықтап, түзеуге және құралды бұқаралық сұрауға бейімдеуге кемшіліктер мүмкіндік берді.

Сауалнама тілі: респонденттің таңдауына байланысты қазақ немесе орыс тілдері.

Зерттеудің далалық кезеңінен алынған ақпарат жинағы әлеуметтік-демографиялық параметрлерге сәйкес таңдалған арнайы дайындалған интервьюерлермен жүргізілді. Сұхбаттасушылар сауалнаманың аяқталуын тікелей әрбір респондентке сұхбат кезінде жеткізді.

1.2.4 Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңін өткізуден кейін «Жастар» ҒЗО қызметкерлері сұхбат алушылардың жұмысын бақылаудан өткізді (телефонмен 100 % тексеру және далалық 30 % бақылау), сондай-ақ кодтау, деректерді енгізу және өңдеуді жүзеге асырды. Далалық мониторингті жасауға қажетті барлық құжаттар (сауалнамалар, маршрут

тізімдер, кестелер мен корреляциялар) «Жастар» ҒЗО-мен Тапсырыс берушінің талабы бойынша сақталуда және қажет уақытта ұсынылуға әзір.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ, бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық талдау компьютерлік бағдарлама SPSS-тің лицензиялық 21-нұсқасы арқылы орындалды.

1.2.5 Ақпаратты талдау әдісі

Әлеуметтік ақпаратты алғашқы талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректерді бір өлшемді талдау;
- 2) деректерді екі өлшемді талдау;
- 3) арақатынастылық талдау.

Зерттеу мерзімі: маусым-тамыз, 2018 жыл.

Зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық баяндама (есеп) «Жастар» ҒЗО-мен жасалған келісім-шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде дайындады.

Зерттеу нәтижелері бойынша осы есеп келесілерді анықтайды: проблема, нәтижелер, қорытындылар, ұсыныстар. Баяндама аналитикалық есепті немесе социологиялық зерттеулер туралы есепті жазудың негізгі және формалды талаптарына сәйкес келеді. Есеп зерттеу бағдарламасы, құралдар, кестелер мен графиктерді қамтиды.

2 бөлім. Қазақстандық жастардың әлеуметтік ахуалы

Мәселе.

Жастардың әлеуметтік ахуалы жастардың қазақстандық қоғамда орын алып отырған қоғамдық өзгерістерге әлеуметтік бейімделуінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Әрдайым өзгеретін әлемде әртүрлі әлеуметтік процестердің жастардың адаптивті модельдерінің қалыптасуына әсерін бейімделу контекстінде және жастардың жағдайы тұрғысынан зертеу / өлшеу өте маңызды.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, әл-ауқат әлеуметтік категория және адамның өз өмірінің әртүрлі қырларымен, әр салаларындағы жетістіктерімен, қоршаған ортаның жайлылығымен және т.б. қанағаттануының көрсеткіші болуы мүмкін.

2.1 Жастардың көңіл күйі және өмірге қанағаттануы

Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай жастардың абсолютті көпшілігі, атап айтқанда 88,6 % өз өміріне толықтай қанағаттанады. Оның ішінде, 51,2 % «толық қанағаттанады» және 37,4 % «біршама қанағаттанады». Өзінің өмірге көңілі толмайтынын сауалнамаға қатысушылардың 9,3% айтқан, оның ішінде: 7,4 % «біршама қанағаттанбайды» және 1,9 % «толықтай қанағаттанбайды». Жалпы алғанда жастардың өмірге қанағаттануы соңғы үш жылда бір деңгейде қалып отырғанын және 88,9 % құрайтынын айта кету керек (2016-2018 жж. «толық қанағаттанамын» және «біршама қанағаттанамын» жауап нұсқаларының қосындысы (1 диаграмма).

Жас топтары бойынша өмірге қанағаттанушылық төмендегідей. Мәселен, респонденттердің жастары кішірек болса, онда адамның өміріне деген қанағаттануы жиі кездеседі. Ал жас шамасы неғұрлым жоғары болса, өз өміріне қанағаттанбау деңгейі соншалықты жоғары (2-кесте) келеді.

2 кесте

«Сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%, жас топтары тұрғысында)

	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Толық қанағаттанамын	58,5	52,4	45,1
Біршама қанағаттанамын	31,0	36,0	43,0
Біршама қанағаттанбаймын	5,3	7,5	8,7
Толық қанағаттанбаймын	2,1	2,0	1,7
Жауап беруге қиналамын	3,1	2,2	1,5

¹ ЩербакOVA В.П. Социальное самочувствие молодежи – интегральный показатель ее адаптации к общественным переменам // Известия ТулГУ. Гуманитарные науки. 2011. №3-1.

1 диаграмма

«Сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)
2016-2018 жылдар



Қазақстанның облыстары бойынша өмірге қанағаттану деңгейін зерттеу келесідей нәтиже берді. «Толық қанағаттанамын» және «Біршама қанағаттанамын» жауаптарының жиынтық көрсеткіші өз өміріне қанағаттанатын жастардың көпшілігі Солтүстік Қазақстан (96,3 %), Ақтөбе (94,9 %), Ақмола (94,7 %) және Атырау (94,2 %) облыстарында тұратынын көрсетіп отыр. Аталған облыстарда жастардың өмірге қанағаттану деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен (88,8 %) жоғары.

Өмірге қанағаттанудың біршама төменірек көрсеткішін Батыс Қазақстан (75,8 %), Шығыс Қазақстан (80,2 %) және Маңғыстау (84 %) облыстарының жастары көрсетіп отыр – мұнда «Мүлдем қанағаттанбаймын» және «Біршама қанағаттанбаймын» деген жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші жоғары болып отыр. Айта кететін жайт, аталған облыстарда көрсеткіш дегенмен 50 % шектен жоғары.

Астаналық жастардың өмірге қанағаттануы 89,8 % құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен аздап жоғары (3 кесте).

3 кесте

«Сіз өз өміріңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%),
облыстар тұрғысында)

АЙМАҚТАР	Толық қанағаттанамын	Біршама қанағаттанамын	Біршама қанағаттанбаймын	Толық қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	32,9	61,8	5,3	0,0	0,0
Ақтөбе облысы	62,2	32,7	5,1	0,0	0,0

Алматы облысы	57,4	33,0	8,6	0,5	0,5
Атырау облысы	59,4	34,8	2,9	2,9	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	51,5	28,7	13,2	5,9	0,7
Жамбыл облысы	70,7	22,8	2,4	0,8	3,3
Батыс Қазақстан облысы	32,9	42,9	15,7	2,9	5,7
Қарағанды облысы	46,5	45,1	4,9	0,7	2,8
Қостанай облысы	49,5	40,7	6,6	0,0	3,3
Қызылорда облысы	59,3	27,5	8,8	4,4	0,0
Маңғыстау облысы	20,0	64,0	8,0	0,0	8,0
Павлодар облысы	62,2	25,7	10,8	1,4	0,0
Солтүстік Қазақстан облысы	75,5	20,8	3,8	0,0	0,0
Түркістан облысы	53,7	36,8	6,2	1,7	1,7
Шымкент қ.	42,1	42,1	13,2	0,9	1,8
Астана қ.	46,2	43,6	1,7	1,7	6,8
Алматы қ.	45,0	39,4	7,8	5,0	2,8

Сауалнама барысында жастардан күнделікті өмірлерінің әр түрлі салаларымен қанағаттануын бағалау сұралған. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық жастар ең жоғары дәрежеде отбасындағы қатынастарымен (95,9 %) және достық қатынастарымен (94,2 %) қанағаттанады – «4» және «5» жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші.

Сауалнамаға қатысушы жастар көп жағдайда бос уақытын өткізумен (17,2 %), материалдық жағдайымен (18,6 %), тұрғын үй жағдайларымен (17,1 %) қанағаттанбайды – «1», «2» және «3» жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші.

Денсаулық жағдайына қанағаттануы 90,6 % құрайды (4 кесте).

4 кесте

«Өмірдің келесі салаларына қанағаттануды бес балдық межелік бойынша бағалаңыз, мұнда «1» – мүлдем қанағаттанбаймын, «5» – толық қанағаттанамын» сауалына жауаптардың жіктелуі (%)


	Мүлдем қанағаттанбаймын	2	3	4	Толық қанағаттанамын	Оқымаймын/жұмыс істемеймін	Жауап беруге қиналамын
Отбасындағы қатынас	0,3	1,0	2,4	22,6	73,3	-	0,5
Достармен қатынас	0,3	0,4	4,6	26,1	68,1	-	0,7
Оқу	0,0	0,3	4,0	16,6	27,9	47,3	4,0
Жұмыс	0,6	0,5	4,7	18,9	25,3	45,3	4,9
Бос уақытын өткізу	1,2	3,2	12,8	35,3	45,6	-	2,0
Денсаулық жағдайы	0,4	1,3	7,0	34,5	56,1	-	0,8
Материалдық жағдай	0,7	2,6	15,3	38,3	41,4	-	1,8

Тұрғын үй жағдайы	2,2	2,3	12,6	30,8	50,8	-	1,4
-------------------	-----	-----	------	------	------	---	-----

«Толық қанағаттанамын» және «біршама қанағаттанамын» деген жауап нұсқаларының 2016 және 2018 жылдар аралығындағы жиынтық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау елді мекеннің дамуымен қанағаттану аздап қысқарғанын көрсетіп отыр (– 3 %) 80,7 % – 2016 ж. бастап 77,7 % – 2018 ж. дейін. Сонымен қатар, өздері тұратын елді мекеннің дамуына қанағаттанбайтын жастар санының аздап артуы (+ 1,4 %) (17,7 % – 2016 ж. бастап 19,1 % – 2018 ж. дейін) орын алып отыр (2 диаграмма).

2 диаграмма

«Өзіңіз тұратын елді мекеннің дамуына қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Өзінің елді мекенінің дамуына қанағаттану сауалнамаға қатысушылардың жасына тікелей тәуелді екені анықталды. Қатысушының жасы неғұрлым жоғары болса, олар елді мекенді соғұрлым сыни тұрғыдан бағалайды (5 кесте).

5 кесте

«Өзіңіз тұратын елді мекеннің дамуына қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (% , жас топтары тұрғысында)

	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Толық қанағаттанамын	38,1	29,7	27,4
Біршама қанағаттанамын	43,2	47,8	47,9
Біршама қанағаттанбаймын	11,7	15,4	18,4
Толық қанағаттанбаймын	3,6	2,8	3,8
Жауап беруге киналамын	3,4	4,3	2,5

Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, көп жағдайда елді мекеннің дамуымен қанағаттануын Маңғыстау (90,6 %) облысының,

Шымкент (90,4 %) және Алматы (84,9 %) қалаларының, сонымен қатар, Ақтөбе облысының (83,7 %) жас тұрғындары атап көрсеткен (6 кесте).

6 кесте

«Өзіңіз тұратын елді мекеннің дамуына қанағаттанасыз?»
сұрағына жауаптардың жіктелуі (%, облыстар тұрғысында)

РЕГИОНЫ	Толық қанағаттанамын	Біршама қанағаттанамын	Біршама қанағаттанбаймын	Толық қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	13,2	64,5	19,7	0,0	2,6
Ақтөбе облысы	32,7	51,0	14,3	1,0	1,0
Алматы облысы	36,8	39,2	14,8	6,7	2,4
Атырау облысы	24,6	30,4	34,8	8,7	1,4
Шығыс Қазақстан облысы	47,1	21,3	17,6	8,8	5,1
Жамбыл облысы	43,9	33,3	12,2	3,3	7,3
Батыс Қазақстан облысы	28,6	48,6	10,0	4,3	8,6
Қарағанды облысы	20,1	56,9	18,1	2,8	2,1
Қостанай облысы	17,6	49,5	25,3	3,3	4,4
Қызылорда облысы	39,6	44,0	9,9	6,6	0,0
Маңғыстау облысы	37,3	53,3	4,0	0,0	5,3
Павлодар облысы	37,8	40,5	17,6	4,1	0,0
Солтүстік Қазақстан облысы	34,0	47,2	17,0	1,9	0,0
Түркістан облысы	27,7	43,4	22,3	3,3	3,3
Шымкент қ.	21,1	69,3	7,9	0,0	1,8
Астана қ.	34,2	48,7	6,8	1,7	8,5
Алматы қ.	29,4	55,5	12,4	0,9	1,8

Осыған қарама-қарсы жағдай Атырау (55,0 %), Қостанай (67,1 %), Шығыс Қазақстан (68,4 %), Түркістан (71,1 %), сонымен қатар, Алматы (76,0 %) облыстарында байқалып отыр, мұнда өзі тұратын елді мекеннің дамуына қанағаттану деңгейі елдегі орташа көрсеткіштен біршама төмен. Бұдан басқа, айтылған облыстарда елді мекеннің дамуына көңілі толмайтындардың үлесі сауалнамаға жалпы қатысқандардың төрттен бірінен артық – Атырау облысында (43,5 %), Қостанай облысында (28,6 %), Шығыс Қазақстан облысында (26,4 %), Түркістан облысында (25,6 %).


Жас респонденттерге «Сіздің аймақта тұратын жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл күй басым?» деген сауалға жауап беру ұсынылды, жауаптар нәтижесі қазақстандық жастардың оптимистік көңіл күй мен сезімін сақтап отырғанын көрсетті (3 диаграмма).

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (47,3 %) аймақтағы жастардың басым сезімі ретінде «белсенділікті» атап көрсеткен. Оптимизм қазақстандық жастардың 34,3 %-на тән болып шықты. Сауалнамаға қатысқандардың 22,4 % адал ниеттілікті және 20,0 % қуаныш сезімін айтып кеткен.

Агрессия секілді теріс сезімді сауалнамаға қатысушылардың 12,3 % айтып кеткен. Жастардың басқа теріс көңіл күйінің – мазасыздық, енжарлық, шаршағыштық, көңілі қалу, уайымдау – таралу көрсеткіштері 10 % аспайды.

3 диаграмма

«Сіздің аймақта тұратын жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл күй басым?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Бұдан әрі аймақтар бойынша жастар арасындағы басым көңіл күй мен сезімді анықтау бойынша сауалнама нәтижелері берілген. Респонденттердің пікіріне сәйкес, белсенділік Ақтөбе (62,2 %) және Солтүстік Қазақстан (64,2 %) облыстарының жастарына тән. «Оптимизм» сезімі Ақтөбе (57,1 %) және Солтүстік Қазақстан (50,9 %) облыстарының, адал ниеттілік – Батыс Қазақстан (35,7 %), қуанышты көңіл күй – Қызылорда (36,3 %) және Павлодар облыстарының (35,1 %) жастарына тән (7 кесте).

7 кесте

«Сіздің аймақта тұратын жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл күй басым?» сұрағына жауаптардың жіктелуі, ЖАҒЫМДЫ СЕЗІМДЕР (%) облыстар тұрғысында)

АЙМАҚТАР	Белсенділік	Оптимизм	Адал ниеттілік	Қуаныш	Байыптылық
Ақмола облысы	47,4	47,4	14,5	23,7	14,5

Ақтөбе облысы	62,2	57,1	19,4	23,5	20,4
Алматы облысы	36,8	28,2	20,1	19,6	14,4
Атырау облысы	59,4	34,8	20,3	15,9	14,5
Шығыс Қазақстан облысы	50,0	23,5	30,9	10,3	13,2
Жамбыл облысы	46,3	29,3	22,0	18,7	34,1
Батыс Қазақстан облысы	34,3	35,7	35,7	18,6	15,7
Қарағанды облысы	38,9	39,6	28,5	15,3	28,5
Қостанай облысы	39,6	45,1	27,5	11,0	14,3
Қызылорда облысы	41,8	16,5	7,7	36,3	33,0
Маңғыстау облысы	10,7	28,0	26,7	29,3	1,3
Павлодар облысы	48,6	23,0	24,3	35,1	14,9
Солтүстік Қазақстан облысы	64,2	50,9	37,7	22,6	13,2
Түркістан облысы	38,8	28,5	18,6	21,1	26,9
Шымкент қ.	54,4	42,1	19,3	20,2	20,2
Астана қ.	33,3	39,3	14,5	17,1	11,1
Алматы қ.	48,6	34,9	24,3	17,4	13,3

Теріс көңіл күй мен сезімдерге келетін болсақ, мұнда Атырау облысы және Алматы қ. баса назар аудару керек – төрт түрлі теріс жауап нұсқасы (сезім, көңіл күй) аталған аймақтарда байқалған (8 кесте).

8 кесте

«Сіздің аймақта тұратын жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл күй басым?»
сұрағына жауаптардың жіктелуі, **ТЕРІС СЕЗІМДЕР** (% , облыстар
тұрғысында)

АЙМАҚТАР	Агрессия	Мазасыздық	Енжарлық	Шаршағыштық	Көңілі қалу
Ақмола облысы	2,6	2,6	6,6	5,3	9,2
Ақтөбе облысы	28,6	7,1	5,1	8,2	11,2
Алматы облысы	16,7	13,9	14,4	10,5	15,8
Атырау облысы	26,1	7,2	17,4	21,7	13,0
Шығыс Қазақстан облысы	5,1	0,7	8,1	5,1	7,4
Жамбыл облысы	13,0	8,9	8,1	10,6	0,8
Батыс Қазақстан облысы	12,9	22,9	7,1	4,3	10,0
Қарағанды облысы	9,7	5,6	8,3	9,7	4,9
Қостанай облысы	19,8	17,6	2,2	6,6	9,9
Қызылорда облысы	8,8	6,6	8,8	8,8	2,2
Маңғыстау облысы	0,0	1,3	0,0	5,3	1,3
Павлодар облысы	12,2	8,1	10,8	4,1	4,1
Солтүстік Қазақстан облысы	9,4	17,0	9,4	5,7	11,3
Түркістан облысы	5,8	12,0	10,9	6,2	7,4
Шымкент қ.	14,0	9,6	12,3	6,1	6,1
Астана қ.	2,6	4,3	2,6	2,6	2,6

Алматы қ.	20,2	17,4	16,1	22,0	8,7
-----------	------	------	------	------	-----

Жастардың бойында агрессия сезімінің болуы туралы Ақтөбе және Атырау облыстарында жиі айтылады, сәйкесінше – 28,6 % және 26,1 %. Сауалнама нәтижелері бойынша, мазасыздық Батыс Қазақстан облысының жастары арасында (22,9 %) байқалады. Енжарлық Атырау облысының (17,4 %) жастары арасында және Алматы қаласында (16,1 %) байқалады.

2.2 Жастардың өз өмірлік жағдайларының өзгеруіне көзқарастары


Сауалнама барысында респонденттерге алдағы жылы өмірдің өзгеру сипаты мен ықтималдығын бағалау ұсынылған.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сауалнамаға қатысқан жастардың 76,6 % алдағы жылы өз өмірінде жақсылық, оң өзгерістер болады деп күтеді. Сауалнамаға қатысқандардың 17,4 % алдағы жылы еш нәрсе өзгермей, барлығы бұрынғыдай қалады деп есептейді.

Жастардың тек 2,2 % алдағы жылы өз өмірінде орын алатын өзгерістер туралы теріс пікір білдірген. Оның ішінде, 1,9 % «біршама нашар» және 0,3 % «нашар» нұсқасын атап көрсеткен (4 диаграмма).

4 диаграмма

«Қалай ойлайсыз, бір жылдан кейін сіз және сіздің отбасыңыздың өмірі нашарлай ма, әлде осы қалыпта қала ма?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, өмірдің біршама жақсаруын көп жағдайда Атырау (91,3 %), Солтүстік Қазақстан (88,7 %) және Ақмола (88,2 %) облыстарының жастары атап көрсеткен (9 кесте).

9 кесте

«Қалай ойлайсыз, бір жылдан кейін сіз және сіздің отбасыңыздың өмірі нашарлай ма, әлде осы қалыпта қала ма?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (% облыстар тұрғысында)

АЙМАҚТАР	Біржақты жақсы	Біршама жақсы	Қазіргідей	Біршама нашар	Нашар	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	22,4	65,8	9,2	0,0	0,0	2,6
Ақтөбе облысы	33,7	53,1	11,2	1,0	0,0	1,0
Алматы облысы	51,7	34,9	11,5	0,5	0,0	1,4
Атырау облысы	49,3	42,0	4,3	0,0	1,4	2,9
Шығыс Қазақстан облысы	47,1	19,1	23,5	8,8	0,0	1,5
Жамбыл облысы	53,7	30,9	13,0	0,0	0,0	2,4
Батыс Қазақстан облысы	27,1	31,4	22,9	7,1	1,4	10,0
Қарағанды облысы	21,5	41,7	31,3	4,2	0,0	1,4
Қостанай облысы	22,0	53,8	17,6	0,0	1,1	5,5
Қызылорда облысы	44,0	31,9	7,7	2,2	1,1	13,2
Маңғыстау облысы	17,3	44,0	36,0	0,0	0,0	2,7
Павлодар облысы	44,6	39,2	13,5	1,4	0,0	1,4
Солтүстік Қазақстан облысы	47,2	41,5	9,4	0,0	1,9	0,0
Түркістан облысы	32,6	36,0	26,9	0,8	0,0	3,7
Шымкент қ.	25,4	51,8	15,8	2,6	0,9	3,5
Астана қ.	40,2	41,9	4,3	0,0	0,0	13,7
Алматы қ.	30,3	46,3	18,8	1,8	0,0	2,8

Теріс көңіл күйдегі жастар Шығыс Қазақстан (8,8 %) және Батыс Қазақстан (8,5 %) облыстарында жиі байқалады. Мұнда теріс жауап нұсқаларының көрсеткіші республикалық орташа көрсеткіштен жоғары (2,2 %).

Әр түрлі этностық топтардың өмір сүру жағдайларының өзгеруіне қатысты көзқарастарынан айырмашылық байқалады. Қазақ ұлтына жататын респонденттер көп жағдайда орыс ұлтты және басқа этностық топтардағы жастармен салыстырғанда оңтайлы көзқараста. Сауалнамаға қатысқандардың 79,3 % қазақ ұлтының өкілдері, олар бір жылдан кейін өмір сүру «жақсы» немесе біршама жақсы болады деп есептейді. Орыс ұлтының өкілдері арасында бұл көрсеткіш 71,4 %, басқа этностық топтарда 70,4 % құрайды.


Зерттеу нәтижелері бойынша, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (49,2 %) жастардың елдегі саясатты қалыптастырудағы ықпалын төмен бағалайды. «Ешқандай ықпалы жоқ» (19,9 %) және «ықпалы осал» (29,3 %) жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші осыны көрсетіп отыр (5 диаграмма).

Жастардың төрттен бірі (26,1 %) жастар саясатқа аз ықпал етеді деп есептейді.

Сауалнама мәліметтеріне сәйкес, «біршама ықпалы жоқ» жауап нұсқасын таңдағандар аз – 17,7 %.

5 кесте

«Сіздің ойыңызша жастардың Қазақстандағы саясатты қалыптастыруға ықпалы бар ма?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Бірқатар аймақтарда респонденттер жастардың мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ықпалын біршама жоғары бағалайтынын айта кету керек. Қызылорда (36,3 %) және Маңғыстау облыстарындағы (33,3 %) сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі «біршама ықпалы бар» жауап нұсқасын таңдаған, бұл республикалық көрсеткіштен (17,7 %) әлдеқайда артық. Астана және Алматы қалаларында жастар елдегі саясаттың қалыптасуына өз ықпалын жоғары бағалайды – сәйкесінше 22,2 % және 23,4 % (10 кесте). Жастардың саясатты қалыптастыруға ықпалы жоқ немесе аз деген пікірді Ақмола облысының (67,1 %), Шымкент қаласының (61,4 %) және Павлодар облысының (60,8 %) жастары атап көрсеткен.

10 кесте

«Сіздің ойыңызша жастардың Қазақстандағы саясатты қалыптастыруға ықпалы бар ма?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (% , облыстар тұрғысында)

АЙМАҚТАР	Еш ықпалы жоқ	Ықпалы осал	Біршама ықпалы бар	Айтарлықтай ықпалы бар	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	7,9	59,2	22,4	6,6	3,9

Ақтөбе облысы	15,3	27,6	40,8	12,2	4,1
Алматы облысы	20,3	31,1	24,9	19,6	3,8
Атырау облысы	14,5	31,9	33,3	14,5	5,8
Шығыс Қазақстан облысы	26,5	29,4	22,8	5,9	15,4
Жамбыл облысы	16,3	22,0	24,4	21,1	16,3
Батыс Қазақстан облысы	21,4	21,4	27,1	14,3	15,7
Қарағанды облысы	24,3	29,9	25,7	17,4	2,8
Қостанай облысы	26,4	29,7	25,3	17,6	1,1
Қызылорда облысы	16,5	26,4	15,4	36,3	5,5
Маңғыстау облысы	6,7	41,3	14,7	33,3	4,0
Павлодар облысы	32,4	28,4	29,7	9,5	0,0
Солтүстік Қазақстан облысы	17,0	17,0	39,6	24,5	1,9
Түркістан облысы	14,9	30,2	32,6	16,1	6,2
Шымкент қ.	35,1	26,3	25,4	6,1	7,0
Астана қ.	28,2	19,7	13,7	22,2	16,2
Алматы қ.	14,7	29,4	26,1	23,4	6,4


2.3 Құндылық көзқарастары және жастар бағдары

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар үшін материалдық компонент маңызды. Осылайша, респонденттердің 44,5 % ең алдымен материалдық тұрғыдан қауіпсіз болғысы келеді. 37,8 % болашақта жақсы отағасы-ошақбасы болғысы келеді. Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бірінен азы (28,3 %) өз елінің лайықты азаматтары болғысы келеді. Респонденттердің тағы 27,6 % өздерін кәсіби және жақсы қызметкерлер ретінде көреді (6 диаграмма).

Респонденттердің көбісі (13,9 %), сондай-ақ атақты, танымал (5,9 %) адамдарға адал және ұстанымшыл болуға ұмтылады.

6 диаграмма

«Өзіңді болашақта қалай елестетесіз?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі үшін өмірдегі ең маңызды нәрсе – отбасылық бақыт (70,9 %). Жастардың 64,3 % құндылықтар рейтингінде екінші орынға денсаулықты қойып отыр. Үшінші позицияда – материалдық қауіпсіздік пен байлық – 30,2%. Соңғы үш жылда жастардың құндық құрылымы өзгеріссіз қалуда (11-кесте).

Құндылықтар құрылымында төртінші орында адал достар (23,7 %) тұр. Мансап және қызықты жұмысты өмірдегі негізгі құндылық ретінде, сәйкесінше, 14,4 % және 14,0 % жастар көрсеткен.

Жастардың құндылық құрылымында соңғы орынға атақ және танымалдылық (2,9 %), сонымен қатар, билік және басшы болу мүмкіндігі (2,9 %) ие.

Таблица 11

«Сіздің ойыңызша адам өмірінде қандай құндылықтар маңыздырақ?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)

Жауаптар нұсқалары	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Отбасылық бақыт	74,1	68,7	70,9
Денсаулық	56,7	56,3	64,3
Материалдық игілік, байлық	36,0	36,6	30,2
Адал достар	29,8	27,0	23,7
Мансап	18,6	18,5	14,4
Қызықты жұмыс	14,2	16,1	14,0
Тәуелсіздік, жеке еркіндік	13,3	14,7	10,0
Шығармашылық, өз талантын жүзеге асыру мүмкіндігі	6,5	6,2	8,5
Нағыз махаббат	3,6	4,7	8,1
Басқаларға пайда келтіру мүмкіндігі	4,8	7,5	7,3
Атақ, танымалдық	3,0	2,7	2,9
Билік, басқару мүмкіндігі	2,4	2,2	2,9
Басқа	-	-	0,4
Жауап беруге қиналамын	0,7	0,9	1,4

«Келесі 5 жылда сіз нені қалайсыз?» сауалына жауап беріңіз. Сұхбатқа шыққан жастар көбінесе мансаптық сатыда білім беру мен насихаттауға бағдар береді. Осылайша, сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бірі (30,4%) келесі бес жылда сапалы білім алуға ұмтылады. Тағы 27,3% табысты мансапты құрғысы келеді (12 кесте).

12 кесте

«Алдағы 5 жылда сіз нені қалайсыз?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)

Жауап нұсқалары	%
Сапалы білім алу	30,4
Мансап жолында өсу	27,3
Лайықты жұмыс табу	22,8
Тұрғын үй алу	17,4
Диплом немесе білім мекемесін аяқтау туралы куәлік алу	15,4

Мамандық бойынша жұмыс табу	14,1
Шығармашылық даму	13,9
Қызықты жұмыс табу	12,9
Өз бизнесімді ашу	12,8
Екінші жартымды, өмірлік серігімді табу	12,1
Жұмыс орнын ауыстыру/қызметте жоғарылау	8,7
Таныстар шеңберін арттыру	8,1
Айналадағы адамдар арасында танымалдыққа ие болу	7,9
Балалы болу	7,4
Жақсы іскерлік серіктес табу	4,9
Спортта жетістікке жету	4,7
Басқа <i>(баланы ақылы мектепке беру үшін материалдық тәуелсіздік, саяхаттау, дүниені аралау, жеке үй салу, емделу, машина сатып алу, Жапонияға магистратураға түсу)</i>	1,0
Жауап беруге қиналамын	3,7

Осылайша, сұхбаттасқан жастар тұтастай алғанда оптимистік көңіл-күйді көрсетеді, болашақтағы мүмкіндіктерін жоғары бағалайды. Сұхбаттасқан жастардың басым бөлігі өздерінің өмірімен ғана емес, сонымен қатар өзінің өмір сүретін аймақтарының дамуымен қанағаттанады, экономикалық мүмкіндіктерін жоғары бағалайды.

Бөлім бойынша қорытынды

1. Жастар арасындағы өмірге қанағаттану соңғы үш жылда (2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін) жоғары деңгейде – 88,9 % болып отыр.

2. Өмірге қанағаттану деңгейі жастардың жасына байланысты – респонденттердің жасы үлкен болған сайын, көзқарастары соншалықты сыни. Ең жас тобына (14 жастан 18 жасқа дейін) өмір сүрудің ең жоғары қанағаттануы – 89,5%.

3. Өмірге қанағаттанудың жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан (96,3 %), Ақтөбе (94,9 %), Ақмола (94,7 %) Атырау (94,2 %) облыстарында байқалған.

4. Аймақтар тұрғысында өз өміріне қанағаттанбау Шығыс Қазақстан (19,1 %), Батыс Қазақстан (18,6 %) облыстары және Шымкент қ. (14,1 %) жастары арасында жоғары болып отыр.

5. Жастар отбасылық қарым-қатынастар (95,9 %), достар (94,2 %) сияқты өмірдің маңызды аспектілерімен қанағаттанудың жоғары деңгейін атап көрсетеді. Көбінесе респонденттердің демалысы (17,2 %), материалдық жағдай (18,6 %), тұрғын үй жағдайлары (17,1 %) қанағаттанбауға себеп болып отыр.

6. Қатысушылардың тұрады ауылының дамуына қанағаттанғандық деңгейі, соңғы үш жыл аздап төмендеді (- 3%) – 2016 жылы 80,7 % -дан 77,7 % -ға дейін 2018 жылы қанағаттанбауының ауылы дамыту көрсеткіштерінің орташа республикалық жоғарыда бар мәні

(19,1 %) Атырау (43,5 %), Қостанай (28,6 %), Түркістан (25,6 %), Шығыс Қазақстан (26,4 %) облыстарында атап өтті.

7. Жалпы алғанда қазақстандық жастар арасында оңтайлы сезім мен көңіл күй сақталып отыр. Жастарға көп жағдайда «белсенділік» (47,3 %), «оптимизм» (34,3 %), «адал ниеттілік» (22,4 %) тән, ал «агрессия» (12,3 %), «мазасыздық» (10 %) және «уайым» (5,9 %) көрсеткіштері төмен.

8. Оңтайлы көңіл-күй жастардың оң өзгерістерге деген үмітінен көрінеді. Респонденттердің басым көпшілігі келер жылы өмірдің «жақсы» (36,2 %) немесе «өте жақсы» (40,4 %) болуына сенеді.

9. Жастардың мемлекет саясатын қалыптастыру үдерісіне қатысуы төмен деңгейде қалады. Тек 17,1 % респонденттер ғана жастардың Қазақстан саясатын қалыптастыруға ықпалы бар деп есептейді. Сауалнамаға қатысушылардың біршама үлесі жастардың саяси шешімдер қабылдауға әлсіз ықпалын көрсеткен (29,3 %) және кейбіреулері (19,9 %) мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ықпалы жоқ деп есептейді.

10. Қазіргі қазақстандық жастардың маңызды құндылықтары отбасындағы бақыт және денсаулық болып қалып отыр. «Жастар» ҒЗО сауалнама деректеріне сәйкес отбасылық құндылықтар мен денсаулықтың маңыздылығы жастар құндылықтары жүйесіндегі өз орнын соңғы үш жыл бойы сақтап келеді.

Нұсқаулар

Сапалы әдістер – фокус-топтық пікірталастар және терең сұхбат жүргізу арқылы қосымша әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу ұсынылады. Сапалы әдістерді қолдану осы зерттеу шеңберінде алынған деректерді егжей-тегжейлі анықтауға мүмкіндік береді және нәтижесінде басқару шешімдерінің мақсатты болуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, фокус-топтық талқылаулар арқылы жастардың әртүрлі аспектілерімен қанағаттану деңгейіне әсер ететін нақты аймақтық факторларды анықтауға болады. Жастардың жекелеген санаттары (жұмыссыздар, NEET, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан, көшіп-қонушылар және т.б.) өкілдерімен терең сұхбат олардың жағдайының негізгі себептерін көрсетеді.

Қанағаттануының жоғары деңгейі (89,5 %), жастардың ең ұйымдасқан бөлігі – оның кіші жас тобы (14 жастан 18 жасқа дейін) – жастар тынығу қызметі (17,2 %) наразылық бірге тұтас тұрған жерінде демалыс инфрақұрылымын дамыту қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, 18 жастан 29 жасқа дейінгі жастар үшін мәдени-сауықтыру мекемелерін дамыту маңызды. «Жастар» ҒЗО өткізген алдыңғы зерттеулердің

нәтижелері бойынша осы жастағы жастардың еркін жүріп-тұруының ең кең таралған тәсілі – көңіл көтеретін ойын-сауықтарға бару.

Облыс арқылы өмірлерінде түрлі аспектілерімен жастар қанағаттану деңгейін бағалау жастар қанағаттану деңгейі әлеуметтік-экономикалық өңірлерді дамыту және жастарды қолдау және дамыту үшін жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шаралардың тиімділігі туралы көп тәуелді деңгейіне байланысты, жанама екенін көрсетеді.

3 бөлім. Жастардың өзекті мәселелері

Мәселе.

Зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі – жастардың өзекті мәселелерін анықтау. Жастардың проблемалары халықтың проблемалары (әлеуметтік-экономикалық мәселелер) жалпы сипатта болуы мүмкін, сондай-ақ өз ерекшеліктері бар (бос уақыт мәселелері, шығармашылық іске асыру мүмкіндіктері және т.б.).

Қазіргі заманғы жастар үшін алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелерді зерделеу ең өткір мәселелерді анықтауға көмектеседі, оларды қарастыру жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған саяси құжаттарда көрініс табуы тиіс.

3.1 Қазіргі қазақстандық жастардың негізгі мәселелері

Ағымдағы жылы жастардың мәселелері рейтингінде белгілі өзгерістер орын алды. 2016-2017 жылдары бірінші орында жастар арасындағы жұмыссыздық және жоғары білім алумен байланысты қиыншылықтар тұрған болатын.

Зерттеудің қорытындысы бойынша материалдық қиындықтарға, тұрғын үй проблемаларына байланысты проблемалар өзекті болды. Осылайша, бірінші кезекте жастардың өзекті мәселелерінің тізімінде материалдық қиындықтар (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.) байқалды (46,3 %). Екінші орынды екі мәселе – тұрғын үй проблемалары (37,4 %) және жоғары білім алудағы қиындықтар (37,0 %). Үшінші орында жұмыспен қамту, жұмыссыздық проблемалары (36,3 %) (13-кесте).

13 кесте

«Сіздің елді мекендегі жастардың өзекті мәселелеріне не жатады?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)

	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Материалдық қиындықтар (төмен еңбек ақы, шәкіртақы т.б.)	49,0	48,5	46,3
Тұрғын үй мәселесі	39,8	38,2	37,4
Жоғары білім алумен байланысты қиындықтар (қымбат болуы)	51,7	44,8	37,0
Жұмысқа орналасу мәселесі, жұмыссыздық	53,3	53,8	36,3
Тағам өнімдері және халық тұтынатын тауарлардың қымбаттығы	39,1	46,7	35,4
Ертеңгі күнге сенімсіздік	16,6	16,1	18,2
Төмен мәдениет деңгейі	16,4	16,9	16,6
Жастардың бос уақытын өткізу орындарының болмауы	16,5	11,2	16,1

Нашар денсаулық жағдайы	11,2	9,1	12,6
Жастар арасындағы қылмыс	10,7	12,7	12,5
Нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі шегу	13,1	12,5	11,6
Жеке өмірде жолы болмауы	11,7	9,1	10,4
Ата-аналармен, аға буынмен қақтығыс, туыстарын түсінбеу	8,2	10,0	8,0
Жастар арасындағы діни экстремизм	7,4	8,7	6,3
Жеке қауіпсіздік қаупі (көшеде жүру қорқынышты)	5,6	5,5	4,7
Интернетке қол жетімділіктің, сапалы мобильді байланыстың болмауы	4,6	2,8	4,7
Ешқандай қиындық жоқ	2,7	3,8	5,9
Басқа	0,1	0,6	1,1
Жауап беруге қиналамын	2,1	0,8	2,1

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі (61,1 %) жастарды табудағы негізгі қиындық – жұмыс тәжірибесінің болмауы. Респонденттердің үштен бірінен аз бөлігі (31,7 %) университетте немесе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында алған мамандық бойынша жұмысқа орналасу қиындықтарын атап көрсетеді.

«Байланыстар мен таныстардың болмауы» бойынша жұмысқа кедергі келтіретін жастардың үлесі 30,1 % құрайды. Бұл сенім соңғы үш жыл ішінде жастар арасында әрқашан болған (14-кесте).

Сауалнамаға қатысушылардың тек 2,7 %-ы жастарға жұмысқа орналасу қиыншылықтардың жоқтығын көрсетеді.

14 кесте

«Сіздің ойыңызша жастардың жұмысқа орналасу барысындағы негізгі қиыншылықтары қандай?» (%)

	2016	2017	2018
Жұмыс тәжірибесінің талап етілуі	65,7	64,6	61,1
Мамандық бойынша жұмысқа орналасу қиындығы	34,2	33,1	31,7
Байланыстың, таныстың болмауы	31,1	34,6	30,1
Іскерлік қатынас дағдыларының болмауы, сенімсіздік	12,4	15,6	14,9
Еңбек нарығы, жұмыс іздеу тәсілдері туралы ақпарат жоқ	11,6	9,5	11,8
Жастардың жұмысқа орналасуда қиындықтары жоқ	2,0	2,2	2,7
Басқа	0,8	0,9	1,2
Жауап беруге қиналамын	2,9	1,5	4,1

Жастарды жұмыспен қамту мемлекеттің қатысу үшін болсақ, соңғы үш жылда мемлекеттік түлектері үшін бірінші жұмыс кепілдік керек деп есептеді, кім үлесі, ал (2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін) – 47,9 %-дан 42,7 %-ға дейін (15-кесте). Керісінше, мемлекеттік

бітірушінің өтініші бойынша жұмыс табуға қолдау көрсету керек деп есептеп үлесі – 27,9 %-дан 36,6 %-ға дейін жетеді.

15 кесте

«Мемлекет жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға қалай қатысуы керек деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)

	2016	2017	2018
Мемлекет алғашқы жұмыс орындарына кепілдік беруі керек	47,9	46,8	42,7
Мемлекет тек мемлекеттік органдарға кепілді жұмыс органдарын қамтамасыз етуі керек	15,9	12,8	9,9
Мемлекет түлектердің қалауы бойынша жұмысқа орналасуына көмек көрсетуі керек	27,9	33,2	36,6
Мемлекет жастардың жұмысқа орналасуына араласпауы керек	3,5	3,4	3,9
Басқа	-	0,1	0,3
Жауап беруге қиналамын	4,8	3,8	6,8

3.2 Жастардың әлеуметтік белсенділігі

Сауалнама нәтижелері бойынша көрсетілгендей, Қазақстан жастар төмен әлеуметтік белсенділігі мен жастар ұйымдарының іс-әрекетке тартылуын көрсетеді. сұраққа «Сіз қандай да бір ұйымның мүшесі болып табыласыз ба?» басым көпшілігі сұралғандардың 28,9 %, оның ішінде теріс (74,1 %) жауап олар бұл қызықты емес деп ойлаймын, тіпті аз Респонденттердің жартысынан өйткені (ұйымның мүшелері болып табылмайтын 45.2%) қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатыспайды, өйткені оларда бос уақыт жоқ (7-диаграмма).

Әлеуметтік белсенді жастар негізінен спорттық (9,7 %) немесе жастар ұйымдарының (5,9 %) қызметтеріне қатыстырылған.

Діни бірлестіктердің мүшелері сауалнамаға қатысқан жастардың 1,1 % құрайды.

«Жастар ұйымдарының қызметіне қатысудың негізі қандай?» Деген сұраққа респонденттердің көпшілігі қоғамға және адамдарға пайдалы болғысы келетінін (37,2%) атап өтті. Сонымен қатар, сауалнамаға сәйкес, жастар қоғамдық жұмыстарға қатысуды, әдетте, жеке өсу мен алға басу үшін оның маңыздылығы тұрғысынан қарастырады. Осылайша, респонденттердің үштен бірі (31,8%) жастар ұйымдарының жұмысына қатысу арқылы «жұмыс тәжірибесі мен жалпы өмірлік тәжірибені алуға» ұмтылады, 13,5% «жоғары әлеуметтік мәртебесін алуға» ұмтылады, 11,6% бұл болашақта «басқарушылық ұстанымға ие болу» және тағы 11,6% «мансап сатысын көтеруге» бейім (8-диаграмма).

7 диаграмма


«Сіз қандай да бір ұйымның мүшесі болып табыласыз ба?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Осылайша, қазақстандық жастар қоғамдық пайдалы қызметке ұмтылады және мұнда көп жағдайда қоғамға келтіретін пайдаға қараған өз жеке пайдасын көздейді.

8 диаграмма

«Сізді жастар ұйымдарының құрамында болуға не ынталандырады?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



Қазақстандық жастардың сауалнамасының қорытындысы бойынша абсолюттік көпшіліктің белгілі бір әлеуметтік желіде өздерінің жеке аккаунттары немесе беті бар. Респонденттердің тек 9,8 %-ы әлеуметтік желілерде шоттары жоқ екеніне жауап берді (9-диаграмма).


Жастар арасындағы ең кеңінен таралған әлеуметтік желілерге Instagram (66,3 %) және ВКонтакте (66,1 %) жатқызуға болады.

Сауалнама нәтижелері бойынша Facebook әлеуметтік желісін қазақстандық жастардың төрттен бірі пайдаланады (25,8 %).

Мой мир және Одноклассники әлеуметтік желілері танымалдығы жағынан біршама төмен – сәйкесінше 14,2 % және 12,8 % көрсетіп отыр.

9 диаграмма

«Сіздің қандай әлеуметтік желілерде аккаунт, парақшаңыз бар?» сұрағында жауаптардың жіктелуі (%)




Сауалнаманың нәтижесі бойынша 14-29 жас аралығындағы сұралған жастардың жартысынан көбі (56,9 %) Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Қазақстан халқына 2017 жылдың сәуірінде жариялаған бағдарламасы туралы хабардар. Соның ішінде респонденттердің 13,3 %-ы бағдарламаның мазмұнымен

жақсы таныс, ал респонденттердің 43,6 %-ы бұл туралы естіген. Бағдарлама туралы ақпаратты естімеген, ештеңе білмейтін респонденттердің саны – 38,2 %.

10 диаграмма

«Сіз 2017 жылы 12 сәуірдегі ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы оқып немесе естідіңіз бе?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (%)



16 кесте

«Сіз 2017 жылы 12 сәуірдегі ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы оқып, естідіңіз бе?» сұрағына жауаптардың жіктелуі (% , аймақтар тұрғысында)


